

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ «КІТАП ОҚИТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КВИЗІН ӨТКІЗУ БОЙЫНША РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Квиздің мақсаты мен міндеттері

«Кітап оқитын мемлекеттік қызметкер» интеллектуалды квизи (әрі қарай — Квиз) келесідей мақсатта өткізіледі:

- Мемлекеттік қызметкерлер арасында көркем және ғылыми-танымал әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықты арттыру.
- Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби және кітап оқу мәдениетін дамыту.
- Ой-өрісін кеңейту және өзін-өзі тұрақты дамытуға ынталандыру.
- Әдеби шығармаларды талдау және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.
- Командалық жұмысты күшейтуге ынталандыру және кәсіби өзара әрекеттесу.

1.2. Құрылтайшы

- «AMANAT» партиясы;
- «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.3. Квиз ұйымдастырушылары

- Аудандық/қалалық әкімдіктер (аудандық/қалалық);
- Облыс әкімінің аппараты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті (облыстық);
- «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.4. Өткізу тілінің лигалары

Квиз екі тілдегі лигада өтеді: қазақ және орыс.

2. Квиз қатысушылары

2.1. Қатысуға қойылатын талаптар

Квизға қатысуға мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметкерлер жіберіледі.

2.2. Қатысу форматы

- I кезең: жекелей.
- II кезең: командалық (аудан/қала атынан 3 адамнан).

3. Квиз өткізу кезеңдері

Квиз екі кезеңде өткізіледі:

3.1. I кезең — аудандық/қалалық

- Аудандық/қалалық әкімдіктер өткізеді.
- Әр бір мемлекеттік мекемеден (бөлім) жекелей қатысу.
- Тапсырмалар форматы: тізімдегі 15 кітап мазмұны негізіндегі ауызша ашық сұрақтар.
- Нәтижесі бойынша жеңімпазда(1, 2 және 3 орын иеленгендер) анықталады. Жеңімпаздар облыстық кезеңге қатысу үшін команда (3 адамнан) құрады.

3.2. II кезең — облыстық

- I кезең қорытындысы бойынша іріктеліп алынған командалар қатысады.
- Форматы:
 - Командалық квиз: кітап мазмұны негізіндегі сұрақтар.
- Нәтижесі бойынша 1, 2 және 3 орын иеленген командалар анықталып, сыйлықтармен және медальдармен марапатталады.

3.3. Өткізу мерзімі мен кестесі:

- Тіркелу: 2025 жылдың 20 қыркүйегіне дейін.
- I кезең: 2026 жылдың 10 ақпанына дейін
- II кезең: 2026 жылдың 28 ақпанына дейін

4. Қатысушыларға қойылатын талаптар

4.1. Әдебиеттер тізімі

Әр қатысушы байқау комиссиясы бекіткен 15 кітапты оқуға міндетті. Кітаптар мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби қызығушылықтарын ескере отырып таңдалған.

4.2. Кітап оқу форматы

Кітаптарды қағаз немесе электронды форматта оқуға болады. Кітаптар қатысушыларға таратылмайды.

5. Марапаттау

5.1. Жұлделер мен марапаттар

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады (қаржылай сыйлықтар аудандық/қалалық әкімдіктер тарапынан анықталады). Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

- Облыстық кезең:
 - 1 орын – 1 000 000 теңге
 - 2 орын – 600 000 теңге
 - 3 орын – 400 000 теңге

5.2. Ақшалай сыйлықтар команда мүшелері арасында тең бөлінеді.

5.3. Сыйлықтар сайыс аяқталған күннен бастап 30 күн ішінде табысталады.

6. Бағалау

6.1. Байқау комиссиясы

Әр кезеңді бағалау үшін арнайы байқау комиссиясы құрылады.

6. 2. Апелляция

Апелляция нәтиже жарияланғаннан кейінгі 20 минуттан кешіктірілмей беріледі. Формасы: Комиссия төрағасының атына даулы мәселе бойынша келіспейтін сұрақ/нәтижеге қатысты жазбаша өтінім беріледі. Комиссия шешімі түпкілікті.

7. Тіркелу және өтінім беру

7.1. Тіркелу тәртібі

Қатысу үшін белгіленген үлгідегі өтінімді 2025 жылғы 20 қыркүйекке дейін толтырып, мемлекеттік мекемедегі үйлестірушісі арқылы тапсыру қажет.

8. Ұйымдастырушылардың байланыс құралы

Ұйымдастыру мәселелері бойынша қатысушылар келесі тұлғаларға жүгіне алады:

- Аудандық/қалалық кезең: мекемедегі байқау үйлестірушісіне (байланыс құралдары мекеме басшылығы тарапынан беріледі).
- Облыстық кезең: тиісті мемлекеттік қызмет ісі жөніндегі департаменттер.

Қосымша 1. Өтінім үлгісі

«Кітап оқитын мемлекеттік қызметкер» квизіне қатысуға өтінім

1. Қатысушының аты-жөні:

2. Мемлекеттік мекеме атауы (толық):

3. Қызметі: _____

4. Аймақ: _____

5. Байланыс телефоны:

6. Электронды пошта:

7. Қай лиганы таңдайсыз?

☐ Қазақ лигасы

☐ Орыс лигасы

8. Аты-жөні және қолы:

9. Өтінім тапсырылған күні: «___» _____ 2025 ж.

10. Мемлекеттік мекеме өкілінің қолы:

• Аты-жөні: _____

• Қызметі: _____

• Қолы: _____